

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 106-ө  
өкіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 23 қыркүйектегі № 133-ө  
Өкімі

«Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827  
Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 106-ө өкіміне мынадай өзгерістер  
мен толықтыру енгізілсін:

8 - тармақта:

«қыркүйекке» деген сөз «желтоқсанға» деген сөзбен ауыстырылсын;  
«Экономика және бюджеттік жоспарлау» деген сөздер «Экономикалық даму және  
сауда» деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген өкіммен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік  
жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18  
маусымдағы № 827 Жарлығын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:  
реттік нөмірі 4 - жолда:

4-бағандағы «ЭБЖМ» деген аббревиатура «ЭДСМ» деген аббревиатурамен  
ауыстырылсын;

5-бағандағы «15 тамыз» деген сөздер «1 қараша» деген сөздермен ауыстырылсын;  
ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы мынадай мазмұндағы жолмен  
толықтырылсын:

«ЭДСМ - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі».

*Премьер-Министр*

*К. Мәсімов*